Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 08.01.2026

Дата вступления в законную силу: 16.02.2026, судья Жетибаев Ж. К., 20.04.2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 8 қаңтар Іс № 7119-25-00-2/14713 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Ж.К.Жетібаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"DNX-ART-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер "DNX-ART-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер "DNX-ART-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 14 587 (он төрт мың бес жүз сексен жеті) теңге, 2 403 (екі мың төрт жүз үш) тенге 61 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот

шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 08.01.2026

Дата вступления в законную силу: 16.02.2026, судья Жетибаев Ж. К., 20.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7119-25-3-1/14900